

"Freedom Drive"
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы
Медеу ауданы, Луганский көш., 96
www.fdrive.kz



**FREEDOM
DRIVE**

Товарищество с ограниченной
ответственностью "Freedom Drive"
Республика Казахстан
город Алматы
Медеуский район, ул. Луганского, 96
www.fdrive.kz

№06/04-430Д
2024 жылғы 04 маусым
«Freedom Drive» ЖШС
директорының
В.В. Новичкова
Бұйрығымен бекітілген

«FREEDOM DRIVE» ЖШС-ДА НАУҚАН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Алматы қ., 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

1.МАҚСАТЫ.....	3
2.НАУҚАНҒАҚАТЫСУШЫЛАР.....	3
3. НАУҚАНҒА ҚАТЫСПАЙТЫНДАР.....	4
4. НАУҚАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ.....	4
5. НАУҚАНДАР БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ.....	4
6. САЛЫҚТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.....	5
7. ЖҮЛДЕЛЕРГЕ КЕПІЛДІК, ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ АЙЫРБАСТАУ ТӘРТІБІ.....	5
8. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР	5
9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	5

1. МАҚСАТЫ

1.1. Осы қағидалар «Freedom Drive» және «Гипермаркет шин ecar.kz» сату орындарында (дүкендерінде), сондай-ақ «Freedom Drive» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») тиесілі <https://fdrive.kz> және <https://ecar.kz> сайттарында орналасқан интернет-дүкенде науқандардың барлық түрін өткізудің жалпы тәртібін белгілейді

1.2. Қағидалардың мақсаттары:

1.2.1. Компанияның науқандар өткізу кезіндегі құқықтары мен міндеттерін белгілеу;

1.2.2. Өткізілетін науқандар бойынша ұтыс ойындары қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін белгілеу;

1.2.3. Өткізілетін науқандар бойынша ұтыс ойындарын өткізу тәртібін белгілеу.

2. НАУҚАНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

2.1. Науқанға қатысушылар интернет–дүкенде/сату орнында сатуға ұсынылған тиісті науқандық тауарды сатып алған (промокодты, телефон нөмірін және т.б. пайдалануды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) және/немесе маркетингтік және өзге де науқан талаптарын орындаған Қазақстан Республикасының азаматтары қызмет етуге қабілетті жеке тұлғалары бола алады. Компания науқандық тауардың тізбесін тиісті науқанды өткізу кезеңінде өз сайтында жариялайды. Науқандық тауар тиісті науқанның қағидаларында айқындалған ақша сомасына тек жеке, отбасылық, тұрмыстық немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалану үшін ғана сатып алынуы тиіс.

2.2. Жүлделердің ұтыс ойынына қатысуға ниет білдірген қатысушылар науқанға қатысумен және жүлделерді алумен байланысты барлық әрекеттерді тиісті науқан қағидаларында белгіленген мерзімде орындауға міндетті.

2.3. Науқан өткізу кезінде Компания төлем көзінен (егер бұл тиісті науқанның механикасында көзделген жағдайда) табыс салығын ұстап қалуды/төлеуді қамтамасыз ету міндетіне ие болады, бұл тиісті науқанның қағидаларында көрсетілуі тиіс.

2.4. Компания төлем көзінен жеке табыс салығының төленуін дұрыс көрсету үшін науқанға қатысушының, оның ішінде науқан жеңімпаздарының жеке басын куәландыратын құжаттарды сұрату, көшірмелерін алу және тексеру құқығына ие болады.

2.5. Науқанға қатыса отырып, қатысушылар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшілік назарына жеткізілуі мүмкін ұтыс ойынына қатысу туралы олармен жарнамалық сұхбат жүргізуге сөзсіз және өтеусіз келісім береді. Сондай-ақ, қатысушылар қатысушыларға қандай да бір сыйақы төлемей, Компанияның жарнамалық мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін қатысушылардың бейнелері бар графикалық материалдарды жасау үшін оларды еркін бару үшін ашық орындарда немесе қоғамдық іс-шараларда суретке түсіруге сөзсіз және өтеусіз келісім береді. Қағидалардың осы тармағына сәйкес алынған қатысушылардың бейнелері бар зияткерлік меншік объектілеріне барлық авторлық құқықтар Компанияға тиесілі болады. Компания қағидаларда немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптары негізінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қатысушылармен жазбаша келіссөздер не өзге де байланыстар жасамау құқығына ие болады.

2.6. Қатысушылар осындай жүлдені алған кезде жүлделерді қабылдау-өткізу актілеріне, науқанға қатысқан сертификаттарға қол қоюға келісім береді.

2.7. Қатысушылар Компанияның жұмысы туралы пікір және/немесе науқан туралы пікір алу мақсатында Компаниядан кері қоңыраулар алуға сөзсіз келісім береді. Қатысушылар өз пікірлерін білдіруден бас тартуға құқылы.

2.8. Науқан бойынша жүлдені қабылдай отырып, ұтыс ойынының жеңімпазы тиісті науқанның шарттарымен және осы қағидалармен танысқанын және сөзсіз келісетінін растайды және қатысушының осы қағидалармен немесе тиісті науқанның шарттарын түсінбеуімен таныспағаны негізінде компанияға қандай да бір шағым беруге құқылы емес.

2.9. Науқан бойынша ұтыс ойынына қатыса отырып, қатысушылар науқан – бұл ұтыс ойыны кездейсоқ таңдауға байланысты болатын ынталандырушы іс-шара екенін анық және біржақты түсінеді, сәйкесінше барлық қатысушылар науқан бойынша ұтыс ойындарының жеңімпазы бола алмайды.

3. НАУҚАНҒА ҚАТЫСПАЙТЫНДАР

3.1. Компания науқандарына төмендегілер ҚАТЫСА АЛМАЙДЫ:

- Науқандық тауарды тиісті науқан басталмай тұрып сатып алған сатып алушылар;
- Науқандық тауарды бұрын сатып алған науқандық емес тауарға не тиісті науқан басталғанға дейінгі науқандық тауарға айырбастау арқылы сатып алған сатып алушылар;
- Науқандық тауарды алған, бірақ ол үшін төлем жасамаған сатып алушылар;
- Науқандық тауарды Компания мен серіктестердің купондарына, ақшалай және жеңілдік сертификаттарына айырбастау арқылы сатып алған сатып алушылар;
- Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер;
- Компанияның қызметкерлері мен уәкілетті өкілдері, оның үлестес тұлғалары, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің және өкілдерінің отбасы мүшелері, сол сияқты науқанды ұйымдастыруға және/немесе өткізуге тікелей қатысы бар өзге де тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері (Науқан қағидаларының мақсаттары үшін отбасы деп барлық туыстық дәрежедегі туыстар түсініледі).

4. НАУҚАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Әрбір науқан бойынша ұтыс ойынын өткізу тәртібін Компания тиісті науқан нақшадаларымен айқындайды және өзінің www.fdrive.kz және/немесе <https://ecar.kz/> сайттарында орналастырады.

4.2. Компания науқанның басталғаны туралы афишаны сайттарда, сондай-ақ өзінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында алдын ала орналастырады. Ішкі белсенділікке бұйрықты Компанияға тартылған қызметкерлерге жеткізу арқылы аңдатпа жасалады.

4.3. Тиісті науқан шеңберіндегі әрбір жеке ұтыс ойынында Компания осындай науқанның талаптарында анықталған жүлдені ұтысқа салады. Әрбір ұтыс ойынының жеңімпаздары арасында жүлделерді бөлуді Компания ұтыс ойынытжеңімпаздарының пікірлерін ескерусіз дербес түрде жүргізеді.

4.4. Компанияның сайтында/сайттарында және Компанияның ресми парақшаларында орналастырылған жүлделер туралы ақпарат тек ақпараттық сипатқа ие болады және жария оферта шарты болып табылмайды. Жүлденің суреттері мен түсі түпнұсқадан өзгеше болуы мүмкін.

4.5. Жеңімпаздарды анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратпен бірге ұтыс ойынының нәтижесін Компания өзінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында орналастырады. Ұтыс ойынының нәтижелері түпкілікті болып табылады және оған шағым білдіруге болмайды.

5. НАУҚАНДАР БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ

5.1. Жүлдені алу үшін ұтыс ойынының жеңімпазы тиісті науқан қағидаларында Компания белгілеген мерзімдер мен жерлерге келуі керек.

5.2. Жүлдені алу үшін ұтыс ойынының жеңімпазы жүлдені ұтып алғаны туралы хабардар етілгеннен кейін оны алуға қажетті тиісті науқан қағидаларында регламенттелген мәліметтерді және/немесе құжаттарды ұсынуға міндетті. Жеңімпаздың жоғарыда көрсетілген мәліметтерді және/немесе құжаттарды ұсынудан бас тартуы жүлдені алудан бас тартуға теңестіріледі. Мұндай жағдайда Компания жүлдеге өз қалауына қарай иелік етуге құқылы болады.

5.3. Егер Компания өзіне тәуелді емес мән-жайлар бойынша осы қағидалардың 2.3-тармағында көрсетілген барлық қажетті мәліметтерді және/немесе құжаттарды ұсына алмаса не жеңімпаз ұтыс ойынына қатысқан кезде өз деректерін дұрыс көрсетпеген болса Компания жеңімпаздың алдында жауапты болмайды.

5.4. Жүлдені үшінші тарап ала алмайды.

5.5. Жеңімпаз жүлдені өзінің табиғи қалыпты күйінде алады және оны ақшаға айырбастай алмайды немесе тиісті науқан қағидаларынла анықталғаннан басқа нысанда ала алмайды.

5.6. Жұлденің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупін Компания оны жеңімпазға тапсырғанға дейін көтереді. Жұлдеге меншік құқығы жұлде жеңімпазға тапсырылған уақыттан бастап Компаниядан жеңімпазға ауысады.

6. САЛЫҚТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

6.1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жұлделер төлем көзіне салық салынатын кірістерге жатады. Кірістің осы түрі (ұтыс) бойынша ЖТС (жеке табыс салығы) есептеуді және ұстап қалуды салық агенті – науқан бойынша жеңімпазға тікелей жұлделер беруді қамтамасыз ететін Компания жүргізеді.

6.2. Науқан бойынша ұтыс ойындарының жеңімпаздары науқанның жұлделері түріндегі кіріске ие болады, салық агенті (Компания) олар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салық (жеке табыс салығы) төлейді.

7. ЖҮЛДЕЛЕРГЕ КЕПІЛДІК, ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ АЙЫРБАСТАУ ТӘРТІБІ

7.1. Кепілдікті қызмет көрсету, тиісті науқан бойынша ұтыс ойынының жеңімпазы алған сапасыз жұлделерді айырбастау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

7.2. Науқандық тауар қайтарылған жағдайда жұлде қайтарылуы тиіс. Қатысушы жұлдені қайтарудан бас тартқан кезде Компания тиісті науқандық тауарды қайтармауға құқылы болады.

8. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

8.1. Науқанға қатысу айғағы қатысушының осы қағидалармен сөзсіз келісетінін растайды, сондай-ақ қатысушының Компания және Компанияның науқан жүргізу үшін тартқан серіктестерінің қатысушының тиісті мақсаттар үшін қағидаларда көзделген тәртіп пен мерзімде, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынатын дербес деректерін жинау, жазу, сақтау, нақтылау, пайдалану, өңдеу және беру (оның ішінде трансшекаралық беру) туралы келісімінің еркін, нақты, ақпараттандырылған және саналы көрінісі болып табылады.

8.2. Осы қағидалардың 8.1-тармағында көрсетілген келісім Компания қатысушы осындай деректерді берген уақыттан бастап осы келісім қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен кері қайтарып алынған уақытқа дейін әрекет етеді.

8.3. Осы қағидалардың мақсаттары үшін дербес деректер ретінде тікелей немесе жанама түрде айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат, оның ішінде олардың негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық тасымалдағышта тіркелген мәліметтер түсініледі.

8.4. Компанияға қатысушы болып табылмайтын тұлғалардың дербес деректері ұсынылған жағдайда, мұндай деректерді беру тиісті науқанның мақсаттары үшін қажет болған уақытта қатысушылар Компаниямен қарым-қатынаста тиісті үшінші тұлғалардың-дербес деректер субъектілерінің өкілдері ретінде әрекет етеді және мұндай тұлғалардың Компанияның олардың дербес деректерін өңдеуіне келісіміне кепілдік береді. Қатысушылар дербес деректердің құпиялылығына үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзғаны үшін дербес жауап береді.

8.5. Компания және оның тапсырмасы/тапсыруы бойынша әрекет ететін Компания серіктестері дербес деректерді оларды рұқсатсыз пайдаланылуынан қорғаудың қажетті шараларына кепілдік береді. Қатысушылар науқанға қатысу мақсатында хабарлаған барлық дербес деректер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Компанияда сақталады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Компания Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қажеттілігіне қарай осы қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы болады.

9.2. Осы қағидалар, сондай-ақ тиісті науқандар бойынша қағидалар Компанияның сайтында жариялаған уақытынан бастап күшіне енеді.

9.3. Қағидалар арқылы тікелей реттелмеген барлық жағдайда Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормалары мен талаптарын және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алу қажет.

9.4. Компания сайтта орналастырған тиісті наұқанның қағидаларында осы Қағидаларда көзделген талаптардан өзге талаптар белгіленсе, онда тиісті наұқан қағидаларының талаптары қолданылады.